## Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 106 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 18 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1515. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 373 (V043400) қаулысымен (Қолданысқа ену тәртібін қаулының 2-тармағынан қараңыз).

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының ( бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) нормативтік құқықтық актілерін " Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы заңының 15-бабына сәйкес келтіру мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 3) тармақшасының негізінде Ұлттық комиссия **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Ұлттық комиссияның мынадай нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қазанда 389-нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасында қор биржаларының, биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымдарының, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттеу ұйымдарының қызметін лицензиялау тәртібі туралы" Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 152 қаулысына (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілердің жинағы, 1998 ж., II том, 118-бет):

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қазанда 390-нөмірмен тіркелген және жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында қор биржаларының қызметін лицензиялау тәртібі туралы ережеде (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілердің жинағы, 1998 ж., II том, 122-124-беттер; "Рынок и право". "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 1999 ж., N 7(8), 5-бет; 2000 ж., N 2(3) 12-бет):

7-тармақта:

г) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"г) өтінушінің соңғы аяқталған қаржы жылындағы және лицензия алу үшін БҚҰК-ға құжаттар ұсыну алдындағы тоқсандағы, өтінушінің бірінші басшысы ( өтінушінің алқалы атқарушы органының басшысы немесе өтінушінің алқалы атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) және бас бухгалтері қол қойған және оның мөрінің таңбасымен расталған қаржылық есеп берушілігін және өтінушінің соңғы аяқталған қаржы жылындағы қаржылық есеп берушілігіне аудиторлық есепті;";

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қазанда 391-нөмірмен тіркелген және жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымдарының қызметін лицензиялау тәртібі туралы ережеде (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілердің жинағы, 1998 ж., II том, 125-127-беттер; "Рынок и право". "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 1999 ж., N 7(8), 5-бет; 2000 ж., N 2(3), 12-бет):

7-тармақта:

г) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"г) өтінушінің соңғы аяқталған қаржы жылындағы және лицензия алу үшін БҚҰК-ға құжаттар ұсыну алдындағы тоқсандағы, өтінушінің бірінші басшысы ( өтінушінің алқалы атқарушы органының басшысы немесе өтінушінің алқалы атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) және бас бухгалтері қол қойған және оның мөрінің таңбасымен расталған қаржылық есеп берушілігін және өтінушінің соңғы аяқталған қаржы жылындағы қаржылық есеп берушілігіне аудиторлық есепті;";

2) күші жойылды;

3) "Бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық қызметтің субъектісі ретінде инвестициялық қорлардың қызметін лицензиялау қағидаларын, Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті лицензиялау қағидаларын, Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтерді есептеудің және қолданудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 12 маусымдағы N 7 қаулысына (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілердің жинағы, 1998 ж., II том, 199-бет; " Рынок и право". "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 2000 ж., N 2(3), 12-бет):

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 маусымда 529-нөмірмен тіркелген және жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық қызметтің субъектісі ретінде инвестициялық қорлардың қызметін лицензиялау қағидаларына (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілердің

жинағы, 1998 ж., II том, 200-204-беттер; "Рынок и право". "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 2000 ж., N 2(3), 12-13-бет):

6-тармақта:

7) тармақшадағы "есеп беруді тексеру туралы КСА/МСА13 нысаны бойынша аудиторлық қорытынды (есеп)" деген сөздер "есеп берушілікке КСА/МСА13 нысаны бойынша аудиторлық есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшадағы "бар екендігі туралы аудиторлық қорытынды" деген сөздер "бар екендігі расталатын аудиторлық есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақтағы "аудиторлық қорытындымен (есеппен)" деген сөздер "аудиторлық есеппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 маусымда 528-нөмірмен тіркелген және жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті лицензиялау қағидаларына (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілердің жинағы, 1998 ж., II том, 142-146-беттер; "Рынок и право". "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 2000 ж., N 2(3), 12-бет):

5-тармақта:

6) тармақшадағы "есеп беруді тексеру туралы КСА/МСА13 нысаны бойынша аудиторлық қорытынды (есеп)" деген сөздер "есеп берушілікке КСА/МСА13 нысаны бойынша аудиторлық есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшадағы "бар екендігі туралы аудиторлық қорытынды" деген сөздер "бар екендігі расталатын аудиторлық есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақтағы "аудиторлық қорытындымен (есеппен)" деген сөздер "аудиторлық есеппен" деген сөздермен ауыстырылсын.

*Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 177* қаулысымен .

2. Осы Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап қолданысқа енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау департаменті осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

*Ұлттық комиссияның Төрағасы*

*Комиссияның мүшелері*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК